

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанында келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қазандағы N 1076 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанында келісімді жасасын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі тартылатын грант қаражатын мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

_____, 2003 жыл,

Жоғары мәртебелі,

Жоғары мәртебелі Сізден төмендегілер айтылатын бүгінгі күнмен белгіленген Нотаңызды алғандығымды растауға рұқсат етуіңізді сұраймын:

"Екі ел арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту үшін жапон экономикалық ынтымақтастығына қатысты Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілдерінің арасында жақында өткізілген талқылауға жүгінуді және Жапония Үкіметінің атынан мынадай келісімдерді ұсынуға рұқсат етуіңізді сұраймын:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын (бұдан әрі "Жоба" деп аталады) іске асыруға көмектесу мақсатында Жапония Үкіметі Жапонияның қолданыстағы заңдарына және нормативтік кесімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне

бес жүз жиырма бес миллион иен (Ұ 525,000,000) мөлшерінде грант (бұдан әрі "Грант" деп аталады) бөледі.

*Ж а п о н и я н ы ң
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н д а ғы
Т ө т е н ш е ж әне Ө к і л е т т і Е л ш і с і
Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і*

Тосио ЦУНОДЗАКИ

2. Грант, егер осы кезең екі Үкіметтің уәкілеттілері арасындағы өзара келісім жолымен ұзартылмаған болса, осы келісім күшіне енген күн мен 2004 жылғы 31 наурыз арасындағы кезең ішінде беріледі.

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты бұдан әрі көрсетілген Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өнімдерін немесе Жапония азаматтарының немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының қызметтер көрсетуін сатып алуға тиесілі және сол үшін ғана пайдаланады (осы келісімде қолданылатын " азаматтар" термині жапондық азаматтарға қатысты жапондық жеке тұлғалар бақылайтын жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды және қазақстандық азаматтарға қатысты қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаларды б і л д і р е д і) :

а) Жобаны іске асыру үшін қажетті көлік құралдары, жабдықтар мен материалдар және оларды сатып алу үшін қажетті қызметтер көрсету;

б) жоғарыдағы (а) тармақшасында көрсетілген өнімдерді Қазақстан Республикасына тасымалдау үшін және ел ішінде тасымалдау үшін қажетті қызметтер көрсету;

в) жоғарыда аталған жабдықтармен жұмыс істеуге үйрету үшін қажетті қызметтер к ө р с е т у ;

г) іс-шаралар орындау процесінде басшылық және сапасын бақылау үшін қажетті қ ы з м е т т е р к ө р с е т у .

(2) Егер екі Үкімет қажет деп тапса, жоғарыдағы (1) тармақшаның ережелеріне қарамастан, Грант жоғарыдағы (1) тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде шығарылған өнімдерді және (1) тармақтың (а), (б), (в) және (г) тармақшаларында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдер азаматтарының қызметтер көрсетуін сатып алу үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 3-тармақта көрсетілген өнімдер мен қызметтер көрсетуді сатып алу үшін жапондық азаматтармен жапондық иенде келісім-шарт жасасады. Мұндай келісім-шарттарды Жапония Үкіметі Грант үшін ыңғайлы ретінде бекітуі тиіс.

5. (1) Жапония Үкіметі Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 4-тармақтың ережелеріне сәйкес бекітілген келісім-шарттар (бұдан әрі "Бекітілген Келісім-шарттар" деп аталады) бойынша алған міндеттемелерді жабу үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы белгілеген Жапония банкінде (бұдан әрі "Банк" деп аталады) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына ашылған шотқа жапондық иенмен төлемдер жасау жолымен орындайды.

(2) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы ақы төлеуді жүргізу үшін уәкілеттік берген Банк Жапония Үкіметіне төлем өтінішін берген кезде орындалады.

(3) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген шоттың жалғыз мақсаты Жапония Үкіметінің жапон иенінде төлемдер алуы және Бекітілген келісім-шарттардың қатысушылары болып табылатын жапондық азаматтың ақы төлеуі болып табылады. Банк шотынан кредит пен дебетке қатысты рәсімдік шаралар Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ол уәкілетті органы арасындағы консультациялар жолымен келісіледі.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Қазақстан Республикасының аумағында Грант есебінен сатып алынған тауарларды уақытында кедендік рәсімдеуді және ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) жапондық азаматтарды Бекітілген Келісім-шарт бойынша тауарлар мен қызметтер көрсетуді жеткізуге қатысты Қазақстан Республикасында алынатын елдің кедендік бажы, ішкі салықтары және өзге де қаржылық алымдарынан босату;

(в) Бекітілген Келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтер көрсетуді жеткізуге байланысты қызметі қажет болатын жапондық азаматтарға өз жұмыстарын орындауы үшін Қазақстан Республикасына келу және онда болу жағдайларын қ а м т а м а с ы з е т у ;

(г) Грант есебінен сатып алынған тауарлардың Жобаны іске асыру мақсатында тиесілі және тиімді ұсталатынын және пайдаланылатынын қамтамасыз ету; және

(д) Грант есебінен жабылатындардан басқа, Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығыстарды көтеру үшін қажетті шараларды қолданады.

(2) Грант есебінен сатып алынған тауарларды жөнелтуді және теңіз тасымалын сақтандыруға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды жөнелту және теңіз тасымалын сақтандыру компанияларының арасында әділ әрі еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулер белгілеуден бас тартады.

(3) Грант есебінен сатып алынған тауарлар Қазақстан Республикасынан тысқары қайта экспортқа шығарылмайды.

7. Осы келісімдерге байланысты туындауы мүмкін мәселелерге қатысты Үкіметтер бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

Осы Нота мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда келтірілген келісімді растайтын Жоғары мәртебелі Сіздің жауап Нотаңыз Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкімет арасындағы бекітілген келісім болып саналатындығын

ұйғаруға

құрмет

етемін.

Осы мүмкіндікті пайдаланып Жоғары мәртебелі Сізге өзімнің терең құрметімді білдіруге рұқсат етіңіз".

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда көрсетілген келісімді растауға және Жоғары мәртебелі Сіздің Нотаңыз және осы Нота Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкімет арасындағы бекітілген келісім болып саналатындығына келісімді білдіруді құрмет тұтамын.

Жоғары мәртебеңізге өзімнің терең құрметімді тағы да білдіру үшін осы мүмкіндікті пайдаланамын.

Қ а с ы м ж о м а р т

Т О Қ А Е В

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і

Жоба

_____ , 2003 жыл,

Жоғары мәртебелі,

Екі ел арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту үшін жапон экономикалық ынтымақтастығына қатысты Жапония Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілдерінің арасында жақында өткізілген талқылауға жүгінуді және Жапония Үкіметінің атынан мынадай келісімдерді ұсынуға рұқсат етуіңізді сұраймын:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын (бұдан әрі "Жоба" деп аталады) іске асыруға көмектесу мақсатында Жапония Үкіметі Жапонияның қолданыстағы заңдарына және нормативтік кесімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне бес жүз жиырма бес миллион иен (Ұ 525,000,000) мөлшерінде грант (бұдан әрі "Грант" деп аталатын) бөледі.

2. Грант, егер осы кезең екі Үкіметтің уәкілеттілері арасындағы өзара келісім жолымен ұзартылмаған болса, осы келісім күшіне енген күн мен 2004 жылғы 31 наурыз арасындағы кезең ішінде беріледі.

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты бұдан әрі көрсетілген Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өнімдерін немесе Жапония азаматтарының немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының қызметтер көрсетуін сатып алуға тиесілі және сол үшін ғана пайдаланады (осы келісімде қолданылатын " азаматтар" термині жапондық азаматтарға қатысты жапондық жеке тұлғалар бақылайтын жапондық жеке тұлғаларды немесе жапондық заңды тұлғаларды және қазақстандық азаматтарға қатысты қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді):

*Қазақстан Республикасының
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і*

Қасымжомарт ТОҚАЕВҚА

- а) Жобаны іске асыру үшін қажетті көлік құралдары, жабдықтар мен материалдар және оларды сатып алу үшін қажетті қызметтер көрсету;
- б) жоғарыдағы (а) тармақшасында көрсетілген өнімдерді Қазақстан Республикасына тасымалдау үшін және ел ішінде тасымалдау үшін қажетті қызметтер көрсету;
- в) жоғарыда аталған жабдықтармен жұмыс істеуге үйрету үшін қажетті қызметтер көрсету , және
- г) жұмысты және жабдықты басқару сапасын басқаруға басшылық үшін қажетті қызметтер көрсету .

(2) Егер екі Үкімет қажет деп тапса, жоғарыдағы (1) тармақшаның ережелеріне қарамастан, Грант жоғарыдағы (1) тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде шығарылған өнімдерді және жоғарыдағы (1) тармақтың (а), (б), (в) және (г) тармақшаларында көрсетілген Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдер азаматтарының қызметтер көрсетуін сатып алу үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 3-тармақта көрсетілген өнімдер мен қызметтер көрсетуді сатып алу үшін жапондық азаматтармен жапондық иенде келісім-шарт жасасады. Мұндай келісім-шарттарды Жапония Үкіметі Грант үшін ыңғайлы ретінде бекітуі тиіс.

5. (1) Жапония Үкіметі Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы 4-тармақтың ережелеріне сәйкес бекітілген келісім-шарттар (бұдан әрі "Бекітілген Келісім-шарттар" деп аталады) бойынша алған міндеттемелерді жабу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы белгілеген Жапония банкінде (бұдан әрі "Банк" деп аталады) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына ашылған шотқа жапондық иенмен төлемдер жасау жолымен орындайды.

(2) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органы ақы төлеуді жүргізу үшін уәкілеттік берген Банк Жапония Үкіметіне төлем өтінішін берген кезде орындалады.

(3) Жоғарыдағы (1) тармақшада көрсетілген шоттың жалғыз мақсаты Жапония Үкіметінің жапон иенінде төлемдер алуы және Бекітілген Келісім-шарттардың қатысушылары болып табылатын жапондық азаматтың ақы төлеуі болып табылады. Банк шотынан кредит пен дебетке қатысты рәсімдік шаралар Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ол уәкілетті органы арасындағы консультациялар жолымен келісіледі.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

(а) Қазақстан Республикасының аумағында Грант есебінен сатып алынған тауарларды уақытында кедендік ресімдеуді және ішкі тасымалдауды қамтамасыз ету;

(б) жапондық азаматтарды Бекітілген Келісім-шарт бойынша тауарлар мен қызметтер көрсетуді жеткізуге қатысты Қазақстан Республикасында алынатын елдің кедендік бажы, ішкі салықтары және өзге де қаржылық алымдарынан босату;

(в) Бекітілген Келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтер көрсетуді жеткізуге байланысты қызметі қажет болатын жапондық азаматтарға өз жұмыстарын орындауы үшін Қазақстан Республикасына келу және онда болу жағдайларын қ а м т а м а с ы з е т у ;

(г) Грант есебінен сатып алынған тауарлардың Жобаны іске асыру мақсатында тиесілі және тиімді ұсталатынын және пайдаланылатынын қамтамасыз ету; және

(д) Грант есебінен жабылатындардан басқа, Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығыстарды көтеру үшін қажетті шараларды қолданады.

(2) Грант есебінен сатып алынған тауарларды жөнелтуді және теңіз тасымалын сақтандыруға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды жөнелту және теңіз тасымалын сақтандыру компанияларының арасында әділ әрі еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулер белгілеуден бас тартады.

(3) Грант есебінен сатып алынған тауарлар Қазақстан Республикасынан тысқары қайта экспортқа шығарылмайды.

7. Осы келісімдерге байланысты туындауы мүмкін мәселелерге қатысты Үкіметтер бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

Осы Нота мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда келтірілген келісімді растайтын Жоғары мәртебелі Сіздің жауап Нотаңыз Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетін екі Үкімет арасындағы бекітілген келісім болып саналатындығын ұ й ғ а р у ғ а қ ұ р м е т е т е м і н .

Жоғары мәртебеңізге өзімнің терең құрметімді тағы да білдіру үшін осы мүмкіндікті пайдаланамын.

Ж а п о н и я н ы ң

Қ а з а қ с т а н

Т ө т е н ш е

Тосио ЦУНОДЗАКИ

Р е с п у б л и к а с ы н д а ғ ы

Ө к і л е т т і

Е л ш і с і

Процедуралық деталдар жөніндегі келісілген Хаттамасы

Жапония мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастардың және ынтымақтастықты бекіту мақсатында, Жапония Үкіметі мен Қазақстан Үкіметі арасындағы жапондық экономикалық ынтымақтастығы туралы _____

Алмасу Ноталарының 1, 3, 4 және 5 параграфтарына жүгіне отыра, Жапония Үкіметі мен Қазақстан Үкіметі өкілдері екі Үкіметтік уәкілетті өкілдерімен келісілген келесі процедуралық деталдарды бекіткілері келеді:

1. Жапония Үкіметі Жапондық Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігін (ЛСА) Жапондық қайтарымсыз қаржылық көмекті сәйкесті жүзеге асыруға бағытталған қажетті жұмысты орындауға белгілейді.

2. Қазақстан Үкіметі - жоғарыда аталған Алмасу Ноталарының 3 параграфының (1) тармақшасында ескерілген тауарлар және/немесе қызметтер "Жалпы типті және балық шаруашылығының жобалары үшін Жапондық қайтарымсыз қаржылық көмек Ережелеріне" ЛСА-ға сәйкес алынатынына кепілдік береді, олар сонымен қатар тендерді өткізу процедурасын анықтайды, тек бұндай процедуралар қабылдауға жатпайтын, және орынсыз болған жағдайларда шектеледі.

3. Алмасу Ноталарының 4 параграфында ескертілген Жапон азаматтарының тауарлар мен қызметтер алу жөніндегі жұмыстарының ешқандай да бөлімін Қазақстан Үкіметінің кез-келген шенеуігінің өзіне алмауы керек.

4. Алмасу Ноталарының 1 параграфында ескертілген Жоспарды және/немесе Жобаның сызбасын өзгерту қажет болғанда, бірінші кезеңде Қазақстан Үкіметі кеңес өткізуі керек және жоғарыда ескертілген "Жалпы типті және балық шаруашылығының жобалары үшін Жапондық қайтарымсыз қаржылық көмек Ережелеріне" сәйкес, Жапон Үкіметінің өзгерістер енгізуге келісімін алуы керек.

_____, 2003 _____, 2003

Қасымжомарт ТОҚАЕВ

Тосио ЦУНОДЗАКИ

Қазақстан Республикасының

Жапонияның

Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасындағы

Төтенше және Өкілетті Елшісі

Талқылама хаттамасы

Жапонның экономикалық ынтымақтастығы туралы _____, Алмасу Ноталарымен (әрі қарай Алмасу Ноталары) байланысты Жапония мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастардың және ынтымақтастықты бекіту мақсатында Жапон делегациясы мен Қазақстан делегациясы келесіні бекіткілері келеді:

1. Алмасу Ноталарының 3 параграфы бойынша Жапон делегациясының өкілі Жапон Үкіметі Қазақстан Үкіметінің Алмасу Ноталарының 4 параграфында ескертілген келісім-шарттарды алу үшін кез-келген мәліметтердің, сыяпаттардың немесе сыйақылардың алдын-алуға қажетті шаралар қолданатынын түсінетінін мәлімдейді.

2. Қазақстан делегациясының өкілі, оның Делегациясының, Жапон Делегациясы өкілінің жоғарғы көрсетілген мәлімдемесіне қарсы емес екеніне мәлімдейді.

_____, 2003 _____, 2003

Қасымжомарт ТОҚАЕВ
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
Төтенше және Өкілетті Елшісі

Тосио ЦУНОДЗАКИ
Жапонияның
Қазақстан Республикасындағы

РҚАО ескертуі: әрі қарай мәтін ағылшын тілінде берілген (қағаз нұсқаны қараңыз).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК